

Көшеге ат қою туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігі Қоғам ауыл округі әкімінің 2010 жылғы 5 сәуірдегі N 21 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 20 сәуірде N 14-9-106 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына және ауыл тұрғындарының 2009 жылғы 18 наурыздағы жалпы жиналысының хаттамасы негізінде **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Қоғам ауылындағы аты жоқ көшеге Социалистік Еңбек Ері Қожамұрат Нарымбетов атауы берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау ауыл округінің бас маман-салық агенті М. Нурбековке жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ауыл округі әкімі

М.Жақып